

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ
Ақтөбе облысы филиалы

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ауылды дамыту мәселелері»

Орындаушы: Сауытов Бағдат Наурызұлы -
Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімі

Ақтөбе қаласы 2024 ж.

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында елдің дамуына қатысты біраз мәселені қамтып, маңызды бағыттарды тағы бір нақтылап өткен еді. Оның ішінде ауылды жерлердің әлеуетін арттыруға баса назар аударды. Мәселен, Президент ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін Үкімет ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған. Тұжырымдаманың аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Құжаттағы басты назар «Ауыл – ел бесігі» жобасы арқылы даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдық елді мекенді кешенді жаңғыртуда болып отыр. Бұл – жалпы ауылдардың 90%-ға жуығы. Мұндай елді мекендер адамдардың жұмыс істеуі мен тұруы үшін қолайлы жағдайлар жасау есебінен экономикалық өсудің жаңа нүктелеріне айналады. Басты мақсат – әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту арқылы қолайлы ауыл ортасын қалыптастыру. Бұл – жаңа мектептер мен медициналық объектілерді салу, таза сумен және электрмен жабдықтау, кең жолақты интернетке және спутниктік байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, ауылдың ішіндегі жолдардың сапасын арттыру, мәдени нысандар – кітапханалар, клубтар, мұражайлар мен кинотеатрлар, спорт ғимараттарын салу, халыққа қызмет көрсету орталықтарын ашу. Ал ондағы тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін инженерлік коммуникацияларды жаңа жер учаскелеріне жеткізу жұмыстары жалғастырылады. Бұл ретте елді мекендерде өз қызметкерлеріне тұрғын үй салған жұмыс берушілердің шығындарын жеңілдету мақсатында пайдалануға берілген ауданы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде субсидия беріледі.

Негізгі бөлім

Шұбарқұдық ауылдық округі — Ақтөбе облысы Темір ауданындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Шұбарқұдық кенті кіреді. Орталығы - Шұбарқұдық кенті.

- Шұбарқұдық ауылдық округі құрамында 1 елді – мекен бар.
- Округтің жалпы жер көлемі – 27 813 гектар.
- Округ бойынша ағымдағы жылы - жалпы халық саны – 14 325 адам, 2 797 ауланы құрап отыр.

- Округте ірі қара – 3243 бас, қой-ешкі – 5459 бас, жылқы – 725 бас, түйе – 32 бас екендігі тіркелді. Ағымдағы жылы екі айдағы ветеринариялық-профилактикалық жұмыстарға келетін болсақ:

- Қарасан ауруына қарсы – 600 бас ірі қара,
- Шешек ауруына ірі-қара малдан – 3000 бас,
- Туберкулез ауруына қарсы – 300 бас ірі-қара, 25 түйе,
- Пастереллез ауруына қарсы – 100 жылқы,
- Аусыл ауруына – 3400 бас ірі қара, 3200 бас қой ешкі.
- Надулярный дерматитке қарсы – 950 бас ірі қара.
- Сібір жарасы ауруына ірі-қара - 1400 бас, қой – ешкі 2150 бас егілді, жылқы – 250 бас егілді.
- Бруцеллез ауруына – 2361 бас ірі-қарадан қан алынды, 7 бастан оң нәтиже беріліп, бруцеллез анықталып, барлығы да жойылды. 2165 бас – қой – ешкіден қан алынды, 2 бастан бруцеллез анықталып, барлығы да жойылды.
- 4,2 гектарға суармалы жерлерге картоп, қарбыз, қауын, қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша дақылдары салынып өнімдері алынды.

Халықты жұмыспен қамту бағытында:

- Жаңа форматтағы мемлекеттік АӘК алушы жыл басынан 40 отбасы 246 адамға – 9 512,0 млн теңгеге жәрдемақы тағайындалды.

- Ақылы қоғамдық жұмысқа жыл басынан - 93 адам;
- Әлеуметтік жұмыс орындары - 61 адам;
- Жастар тәжірибебесіне – 5 адам;
- Алғашқы жұмыс орындарына – 4 адам;
- Күміс жас жобасына – 23 адам;
- Қысқа мерзімді оқуға – 3 адам;
- Мемлекеттік грантқа – 6 адам;
- Жұмысқа орналастыру бойынша – 71 адам қамтылып отыр.

Шағын және орта бизнесті дамытуда - 720 жеке кәсіпкер тіркелген, оның ішінде:

- 45 заңды тұлға,
 - 675 жеке тұлғалар,
- оның ішінде:
- 178 бірлігі көлік және байланыс,
 - 229 сауда - саттық,
 - 21 бірлігі дәмхана мен шайхана,
 - 247 бірлігі басқа қызмет түрлерін атқарады.

Осы жылға іске асырылып жатқан бір қатар жобаларымыз бар:

Шұбарқұдық кенті бойынша бүгінде жалпы ұзындығы – 5.3 шақырым автомобиль жолына асфальт жамылғысы төселуде. Жалпы жоба құны – 860 млн теңгені құрайды.

Жамбыл – Махимов көшесі ұзындығы – 1.3 шақырым, құны – 190 млн теңге. Мердігер – «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-і.

Жамбыл көшесі ұзындығы – 1.5 шақырым, құны – 230 млн теңге. Мердігер – «Den Group Plus» ЖШС-і.

Жастар және А.Оразбаева көшелеріне ұзындығы – 2.5 шақырым, құны – 440 млн теңгені құрайды. Мердігер – «Den Group Plus» ЖШС-і.

- Махимов көшесі көше жарығы құрылысы жүргізілді. Жобаның ұзындығы – 1.3 шақырым, құны – 15.5 млн теңге. Мердігер – «ИНТЕР ЭЛЕКТРО КОМПЛЕКТ» ЖШС-і.

- Теріскей аймағына көше жарығының құрылысы жүргізілді. Жобаның ұзындығы – 3.5 шақырым, құны – 43.3 млн теңге. Мердігер – «ИНТЕР ЭЛЕКТРО КОМПЛЕКТ» ЖШС-і.

- Құрылысшылар көшесіне 7 дана мен Жамбыл көшесіне 18 дана көше жарықтары орнатылды. Жоба құны – 3.8 млн теңге. Мердігер – «Ra-Mu Group» ЖШС-і.

- Балмұхаммедов көшесі яғни Балдаурен балабақшасы алдына ұзындығы – 280 метр жаяу жүргіншілер жолы төселді. Жоба құны – 5.9 млн теңге. Мердігері – «Тоғжан» ДК.

Шұбарқұдық кенті Ж.Кереев пен Желтоқсан көшелері қиылысында орналасқан орталық алаң аббаттандырылды. Яғни тозығы жеткен брусчаткалар ауыстырылып, жаңасы төселді. Жобаның құны – 14 млн теңге. Мердігер – «Аққұдық сервис» ЖШС-і.

- кентімізден 2 шақырым қашықтықта орналасқан тұрмыстық қатты қалдықтарды төгуге арналған орынды күтіп баптау жұмыстары жүргізілуде. Жоба құны – 8.9 млн теңге. Келісім шарт 11.06.2024 жылы жасақталды. Мердігер – «Б.Ж.Жұмабек» ДК. Күтіп – баптау мершімі ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін.

- ағымдағы жылға 187 жол белгілерін, 5 білім беру нысандары алдына қоршау, кедір-бұдыр орнату жұмыстары орнатылды. Мердігер ДК «Сапа»-мен келісім-шарт жасалды. Қаржысы 11,0 млн теңге.

- Қызылжар мөлтек ауданындағы электр желісінің 452 дана бағаналарын (*опора*) ауыстыруға жергілікті бюджеттен 117 млн теңге қаражат бөлініп. Қазіргі таңда мердігер «СПМК-7» ЖШС-мен ағымдағы жылға 226 дана бағана ауыстыру жұмыстары басталды.

Халықаралық тәжірибе

ҚХР Ауыл шаруашылығы министрлігі ауылдық аумақтардың жұмыс істеуі, тұрғындардың (шаруалардың) білім беру-мәдени дамуын арттыру бойынша әлеуметтік-экономикалық бағдарлама әзірлеуде. Бағдарламаға мыналар кіреді:

- жаңа үлгілі ауылдарының құрылысы;
- экологиялық таза өнім өндірісіне көшу;
- ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресс пен инновация құралдарын пайдалану.

Бағдарламаны іске асыру жолында үлкен проблема болды - еңбек ресурстарының (жұмысшылардың) дамыған өнеркәсібі бар урбанистік аймақтарға көшуі. Бұл бір мезгілде мемлекетті индустрияландырудың өсуіне (арзан жұмыс күші есебінен) және ауылдық жерлердің кедейленуіне ықпал етті. Тек 2021 жылға қарай Қытай бұл мәселе шешілгенін айтады.

Ауылдарды кешенді дамыту жөніндегі жаңа бағдарлама "ауылдық аумақтарды жаңғырту стратегиясы" болып табылады. Бағдарламаға сәйкес, 2035 жылға қарай ҚХР ауыл шаруашылығындағы барлық процестерді толығымен жаңғыртуды жоспарлап отыр, ал 2050 жылға қарай барлық елді мекендер "әдемі және үлгілі ауылдарға" айналуы тиіс, шаруалардың табысын арттыруға ерекше назар аударылады. Басым бағыттар – жаңартылатын ресурстарға, қайта өңделетін өндіріске көшу, экологияны сақтау, климаттың теріс өзгерістерімен күресу болып табылады.

Айта кету керек, соңғы уақытта ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламаларында (елдің таңдауына қарамастан) ортақ белгілер бар: фермерлердің әл-ауқаты мен кірістерін жақсарту, ғылыми-техникалық прогресс құралдарын пайдалану, мемлекет тарапынан адал салық салу және жақсы қаржыландыру, сондай-ақ экожүйелерді сақтау, қоғамдағы білім мен мәдениет деңгейін арттыру.

Соңғы 10 жылда ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі саясат даму әлеуеті бар ауылдық елді мекендерді басым қолдау есебінен ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

Қазақстанда игерілу және ауыл шаруашылығы үшін пайдалану сипаты, даму әлеуеті мен шектеулері әртүрлі ауылдық жерлердің бірнеше түрі бар.

Бірінші типі – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде жоғары және ауыл экономикасы көпфункционалды, ауыл шаруашылығы қала маңы үлгісіндегі және ауылдық жерді дамыту үшін әлеуметтік жағдайлары қолайлы өңірлер (Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары).

Екінші типі – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде төмен және ауылдық жерлер негізінен аграрлық бағытта маманданған, оны дамыту үшін табиғи және әлеуметтік жағдайлары қолайлы өңірлер (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары).

Үшінші типі – халқының тығыздығы төмен және ауыл шаруашылығын жүргізу үшін табиғи жағдайлары біршама қолайлы емес өңірлер (Абай, Ұлытау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары).

Төртінші типі – ауылдық жерлерді дамытудың ошақтық игерілуі әлсіз және оны дамыту үшін табиғи-климаттық жағдайлары қолайсыз өңірлер (Атырау және Маңғыстау облыстары).

Орнықты даму міндеттерін іске асыру ауылдық аумақтардың салыстырмалы артықшылықтарын пайдалану, "өсу нүктелерін" іздеу, дамудың басым бағыттарын анықтау және қолдау, аудандар мен ауылдық округтердің өздерінің кіріс базасын қаржылық қолдау және дамыту тетігін жетілдіру негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Қорытынды

Ауылдық аумақтарды одан әрі дамыту ұсыныстар беріледі:
басшылық (аудан, облыс) тарапынан ауылдың дамуын қолдау;
халықпен тиімді коммуникация жасау қабілетін дамыту;
бюджеттік өтінімдерді негіздей білу және оны экономика бөлімінің қолдауы;
қоғамдық кеңестің жұмысын жолға қою;
ауылдың географиялық, логистикалық, көлік-инфрақұрылымдық, климаттық ерекшеліктерін кейбір мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруда ескеру;
ауданаралық, облысаралық ауыл әкімдерімен тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін қарастыру;
ауылдан шыққан белгілі бизнес өкілдерін, бұрынғы тұрғындарын белсенді тарту тетіктерін пайдалану;
Ақтөбе өңірі үшін «Ауыл аманаты» жобасының мүмкіндіктерін кеңейту, одан әрі жетілдіру, т.б.

Әдебиет тізімі

Ақбаев Е.Т., Абаев А.А., Тиштықбаев А.Ж., Сейдіғазым Е.О., 2022 — *Ақбаев Е.Т., Абаев А.А., Тиштықбаев А.Ж., Сейдіғазым Е.О., Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының мәні мен маңызы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. – Қарағанды, 2022. - С.181-196. DOI 10.31489/2022Ес2/181-196*

Есберген Р.А., Шамишева Н.К., 2020 — *Есберген Р.А., Шамишева Н.К., Трансформация системы государственного управления в регионах Республики Казахстан // Экономическая серия Вестника ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2020. – №1. – С.63-72. – DOI 10.32523/2079-620X-2020-1-63-72*

Косымбаева Ш.И., Нукешева А.Ж., Кадырова Г.М., 2019 — *Косымбаева Ш.И., Нукешева А.Ж., Кадырова Г.М., Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымын басқаруды жетілдіру // Вестник университета «Туран». – 2019. №(3). С.169-173.*

Садырбаев Е.А., 2018 — *Садырбаев Е.А., О некоторых вопросах выборности сельских акимов в Республике Казахстан // Boston: Problems of science. - 2018. – С. 43-45*

Сатыбалдин А.А., Тлеубердинова А.Т., Кулик К.В., 2021 — *Сатыбалдин А.А., Тлеубердинова А.Т., Кулик К.В., Концептуализация развития сельских территорий // Экономика: стратегия и практика. – 2021. – Т.16, №3.С.6-21. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-6-21>*

Тұралин Ә.З., Тұралина Ж.А., Жамантаева А.У., 2022 — *Тұралин Ә.З., Тұралина Ж.А., Жамантаева А.У., Личностно-профессиональный потенциал современного руководителя местных исполнительных органов // Экономика: стратегия и практика. – 2022. – Т. 17, №4. – С. 212-227. – DOI 10.51176/1997-9967-2022-4-212-227*